



kst15.kz



№ 15 жалпы білім беретін орта мектеп

Общеобразовательная школа № 15

Газет 2016 жылдан бастап шығады

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

№02 қазан 2017 жыл

Ұстаз – ұлағатты есім

Қазақстанда Мұғалімдер күні қазанның бірінші жексенбісінде кең ауқымда аталып өтеді. Білім саласы қызметкерлерінің мерекесіне орай біздің мектебімізде де ұстаздар күні аталып өтті.

Шәкірттерін білім нәрімен



сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Дүниедегі

мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Сол ұстаздан тәрбие алып жүрген оқушыларымыз мерекені естен кетпестей ерекше өткізді. Қоңыраудың соғысымен мектебімізде 12 сынып қосылып, біздің ұлағатты ұстаздарымыз өздерінің мектептегі кездерін еске түсірді. Ал тәрбиеленушілер өздерін бір сәт мұғалім ретінде

сынап көрді. Сабақтар аяқталысымен барлық мұғалімдер ағылып акт залына беттеді. Акт залында оларды керемет концерттік бағдарлама күтіп тұрды. Концерттік бағдарламаның басында мектеп директоры ұстаздарымызды мейраммен құттықтады. Мерекелік ән, би құттықтауларынан кейін ұстаздарға шәкірттердің өз қолынан жасалған сыйлықтары таратылды.

«Жас ұлан» мектеп комитеті

Назар аударыңыз!
«Алтын—
күз 2017»
байқауы
болып өтті!

Бүгінгі санда:

Ұлағатты ұстаздар мерекесі 2

Дини экстремизм 2

«Жақсы істерді бірге жасаймыз» 2

Тұрмыстық қалдықтар мәселесі 3

«Алтын күз—2017» 4

«Жемқорлыққа жоқ дейміз» Адал ұрпақ 4

Қызықты деректер 5

Құттықтау 6

Діни сауатсыздық – діни экстремизмнің бастауы

Бүгінгі таңда діни экстремизм мен терроризм сөздерін естімеген адам аз шығар. Баспа немесе ғаламтор беттерінен шет елдердегі және Қазақстандағы діни ахуал, соның ішінде діни экстремизм мен терроризм

тақырыптарына қатысты мәліметтер жетерлік. Бұл аталған мәселенің ғаламдық деңгейде орын алып отырғандығының белгісі. Қазақстан әлем елдеріне көптеген конфессиялар мен ұлт өкілдерінің бейбіт өмір сүру мекені ретінде

танылғаны рас. Дегенмен, діни экстремизм мәселесі біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Қазірде діни экстремизм мен терроризм ұғымы ислам дініне таңылған қауіпті қосымша екендігі өкінішті ақиқат

Діни сауатсыздық – діни экстремизмнің бастауы

болып отыр. Ғасыр басындағы қарулы қақтығыстар жиі орын алған Ауғаныстан, Ирак, Израиль-Палестина аймақтарындағы террактілік актілерді ислам атын жамылған радикалды топтардың өз мойындарына алуы ориенталистік бағыт ұстанушылардың «ислам терроризмі» теориясын іс жүзінде дәлелдеп бергендей

болды. Бұл жағдай Қазақстандағы діни экстремизмнің табиғатын айқындай түседі. Өйткені,



тәуелсіздік алғаннан кейінгі діни жаңару халықтың басым

бөлігінің исламға бет бұруы ата дінімізге үлкен сұраныс туындатты. Кеңестік кезеңдегі діни мамандар дайындаудың тоқтатылуы, сәйкесінше қажетті мамандардың жетіспеуі ұлты, ұстанымы басқа шет елдік ислам мамандары

мен уағызшыларының елге ағылуының басты себептерінің бірі болды. Мұндай уағызшылардың арасында радикалды бағыттағы, экстремистік көңіл күйдегі («Хизбут Тахрир», «Таблиғи жамағат», уахабилер т.б.) топтардың өкілдері болды.

“Жас ұлан” ұйымы

«Қайырымдылық

«Жақсы істерді бірге жасайық»



«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген екен дана халқымыз. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа жан риза» дегендей, студенттердің жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Адам өміріндегі ең игі істердің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық,

мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам басады. Қайырымдылық жасауды қаржылай көмек көрсету ғана деп ұқпау керек. Сөзбен де, іспен де, басқа жолдармен де



қайырымдылық жасау – борышымыз. Жақсылық жасау қолыңнан келіп тұрса, қуаныш сыйлауға мүмкіндігің жетіп тұрса

неге қол ұшын созбасқа?! Осыған орай, Қазанның 6 – сы күні мектебімізде қайырымдылық жәрмеңке өтті. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар қайырымды істі қолдауға жаппай ат салысты. Жәрмеңкеге барлық сыныптар ат – салысып қатысты. Жәрмеңке барысында балалар үйлерінен алып келген тағамдарды сату арқылы қаражат жинады. Ол жиналған қаражат қалалық «Алақандағы өмір» жобасының көмегіне мұқтаж ауыр сүйек ауруымен ауыратын 13 жастағы Катя Карлова деген жеткіншектің

еміне аударылды. Жәрмеңке барысында 42370 теңге жиналды. Жәрмеңкеге қатысқан сыныптар Алғыс хаттарымен марапатталды.



Жәрмеңке жайлы «Костанайские новости» облыстық газетінде жазылып, мектепке алғыс білдірілді. Осындай қайырымды іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

«Жас ұлан» ұйымы


Ғажайып мектеп



Стокгольм қаласында сабақ өтуге арналған арнайы сыныптары жоқ жаңа мектеп бар. Мұндағы сабақтар ашық аспан астында өткізіледі. Және оқушылар сабақта қалағандарынша отыра алады. Яғни, бірі мектепке

қойылған кереуетке жатып алса, екінші терезенің алдына отырып алуы мүмкін. Бұл мектептің тақтасы да басқаша... ана бағытта жұмыс істейтін мектеп үшін басты мақсат – білім беру ғана емес, оқушыны бостандыққа, рухтың бірлігіне тәрбиелеу. Жалпы скандинавиялық білім беру жүйесі сонау ерте кездердегі пруссиялық мектептерден бастау алады, тіпті, бұл үрдіс бүгінгі күнге дейі Солтүстік-Еуропа елдерінде жалғасын тауып

келеді.



Аталған мектепке "Openspace", яғни, "Ашық кеңістік" деген атау берілген. Мектеп «Мәңгілік Ел - бұл инновация жолындағы тұрақты экономикалық

түрлі-түсті жиһаздармен, оқуға және жұмысқа арналған аймақтармен, зертханалармен, кітапханалармен, ландшафты аймақтармен және кинотеатрмен толтырылған. Тағы бір ерекшелігі – "Openspace" мектебіндегі бір сыныпта 5-7 ғана оқушы білім алады. Мектеп оқушыларының барлығы да ноутбукпен қамтамасыз етілген.

«Жас ұлан» ұйымы

Тұрмыстық қалдықтар мәселесі



өсім. Біздің мемлекет индустриялық және инновациялық күш қуатын дамытып, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғауға ұқыптылықпен қарап, қоғамдағы білім мен ғылымның культін елдің зияткерлік іргетасы ретінде бекітетін боламыз.» Табиғи қорларды тиімді пайдалану, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика «жасыл»

болғандықтан «Жасыл» экономиканы дамыту экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді. Осы орайда табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау және экологиялық дағдарыстың алдын алуға мүмкіндігімізше өз үлесімді қосқым келді. Осы тұста мен жоба қорғадым. Жоба барысында ата-аналар, оқытушылар, оқушылар арасында, көпшілік ортада әлеуметтік сауалнама алынды. Сауалнаманың қорытындысы мынандай болды: көптеген жанұялар пластик қорапты өнімдерді пайдаланады екен және қорапты өртеп немесе қоқысқа тастайды екен, үй қызметінде де пайдаланатындар да анықталды. Сонымен

қатар жүргізілген эксперименталды жұмыстарымыздың қорытындылары бойынша пластик шөлмектерді өртеуге де, лақтыруға да болмайтынына көзіміз жетті. Мектепте пластик шөлмектерін жинау айлығын ұйымдастырып, жиналған шөлмектерден ғаламторды ақтара отырып, пластик ыдыстардан жасалған әр түрлі нәрселерді көріп, біз де ең алдымен сыныптас құрбыларымыздың көмегімен олардың бірнешеуін жасадық. Егер қалдықты қажетке жарата білсе, кез-келген

жаратса кез—келген адам қоршаған ортаның тазалығын сақтап қалуға өз үлесін қоса алады. Бұл жоба жұмысы арқылы жас ұрпақтың бойында «Мәңгілік ел» болып қалыптасқан қазақ жерінің келешегіне деген жанашырлық сезімін оятып және тұрмыстық қалдықтардың қайта қолдану жолдарын қарастыруды жалғастырады деген ойдамын. Сонымен қоса, «ЭКСПО - 2017» халықаралық көрмесінің ұсынған «жасыл экономика» стратегиялық бағдарламасының тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүргізілетініне кәміл сенемін.

Кенжебек Камила

«Алтын күз –2017»



«Алтын күз» мерекесінде табиғатты аялау, табиғат сұлулығын сақтау біздің қолымызда десек те артық айтпаған болар едік. Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қонысы, алтын ұя бесігі, құт берекесі. Осы табиғаттың төрт мезгілінің өзіне тән ерекшелігі, жақсылығы, әр түрлі мерекесі бар. Мысалы, күз адам баласына молшылық, береке беретін мезгіл. Сондықтан да адамдар күзге берекелі, мерекелі күз, алтын күз деп баға берген. Мектепте «Алтын күз» кешін өткізу дәстүрлі мерекеге айналған. Сол дәстүрді жалғастыра отырып, мектепте 1-11 сыныптар

арасында «Алтын күз-2017» мерекесін өткіздік. Мақсаты: Оқушылардың күз мезгілі туралы түсініктерін молайту, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны сүюге, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. Олардың бойында эстетикалық тәрбие қалыптастыру. Іс– шара барысында мектепке дайындық сыныптары және шағын орталықта қызықты ертеңгілік өткізілсе, 1–4 сыныптар аралығында шағын концерттік бағдарлама болды.

Әр бір қатысушы сыныптарға алғыс хаттары марапаттаулар



берілді. Ал орта буында, яғни 5—7 сынып аралығында «Күз ханшайымы» сайысы өтіп сұлу қыздарымыздың арасынан бас жүлдені Есенгереева Наргиз жеңіп алды.

Барлық қатысушыларға алғыс хаттары табысталды.



Жоғарғы 8-11 сыныптар аралығында «Күз ханшайымы мен ханзадасы» атты байқау болды. 1 кезеңде біздің жұптарымыз өздерін таныстырса, екінші кезеңде өздерінің өнерлерін көрсетті. Ал үшінші кезеңде өздерінің ақылды, жан—жақты екендерін көрсетіп, зияткерлік сайысқа түсті. 3 кезеңнің қорытындысы бойынша жеңіске 11 сынып оқушылары Бигалиев Нурболат пен Сарсембаева Алия



«Ханшайым мен Ханзада» титулына ие болды.

«Жас ұлан» ұйымы

«Мәңгілік ел» идеясы



«Адал ұрпақ»



Елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясы негізінді мектебімізде «Адал ұрпақ» ұйымы жұмыс істейді. Бұл ұйымның мақсаты мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Біздің мектебімізде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп ұйымының қатысуымен рухани адамгершілікке және патриоттыққа тәрбиелеуге бағытталған әр түрлі акциялар, іс – шаралар, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Ұйымға жоғарғы сынып оқушыларынан 20 оқушы кіреді. Біз жиі жиналып, дөңгелек үстел өткіземіз. Іс– шараларды жоспарлап, пікірталастар өткіземіз. Жақында «Адал ұрпақ» ұйымының облыстық слетіне барып, өте керемет әсер алып келдік. Көптеген достар тауып алдық. Жемқорлыққа қарсы іс – шаралардың маңызы өте зор деп ойлаймын. Өйткені біз мектептегі партадан жемқорлықтың не екенін білуіміз қажет. Мұндай іс шаралар біз сияқты енді өсіп келе жатқан болашақ ұрпаққа жақсы жағынан әсер ететініне сенімдімін.

Уақбаева Жанель
«Адал ұрпақ» ұйымының белсендісі

Ғұмырдың керемет сәттерін бағалайық



Өмір-Алла тағаланың адам басына берген ең үлкен сыйы. Әрбір адам бай! Әрбір адам бақытты!

Неге дейсіз бе? Себебі, менің, сенің, оның тәуелсіз мекені, бейбіт елі, баспанасы, азық қылар тамағы, сүйікті ісі, жақын адамдары мен достары, ең бастысы арқа сүйер отбасымыздың болғаны өмірдің қазығы мен бақыты емес пе?! Өмір ақ пен қарадан тұрады. Кейде ұтылып, кейде жеңіп жатамыз. Өзімді алатын болсам, мен көптеген жеңістерге жеттім. Мысалы: спорт жағынан, шығармашылық табыстарым да аз емес. Осының барлығы менің отбасымның арқасы. Отбасымыз болғанда көптеген белестерді бағындыратынымыз айдан анық. Өмірдегі тағы бақытымыздың бірі-бейбіт еліміз. Сол

бейбітшілікті бізге жеткізген ата-бабаларымыздың үмітін ақтап, оны сақтап қалу біздің міндетіміз. «Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады»-деп Бауыржан атамыз айтып кеткен сөзі көңілімізге күш-қуат береді. Жалпы өмір театрға ұқсас емес пе?! Күлеміз, жылаймыз, кейде қуанып, бірде мұңаймыз. Өмірдегі басты кейіпкер өзің секілдісің. Ал қалған жандар қосымша орынды алатын тәрізді. Өмір өте тез өтеді. Жасаған қателігімізді түзеп үлгермей қаламыз. Сондықтан өмірде бір-бірімізбен тату-тәтті болып, өмірдің қадірін, мәнін түсінуіміз керек. Мен өмірді жаңа бастап келе жатырмын. Өмірдің сыры мен қырын отбасымдағы атам айтып отырады. Жақсы мен жаманды танып білгенім отбасымның арқасы. Өмірде жақсы орын алу үшін талпынып, көп еңбек етуі қажет. Өмірдегі тағы жақсы нәрсенің бірі-денсаулық. «Спорт-денсаулық кепілі». Қандай жағдай болмасын спортты тастамай онымен дос болуымыз керек. Мәселен, біздің

мектепте спорттық іс-шаралар алғашқы басты орындарға кіреді. Жақында денсаулық күнін тойлап, бір сергіп алдық. Спорттың көп түрі болып сынып-сыныппен жарысқан болатынбыз. Кейбір адамдар өмірді кері жағынан қызықтап көреді және сол дұрыс деп ойлайды. Ішімдік ішіп, темекі шегіп, есірткі пайдаланып өмірін қор қылады. Ондай адамдарға өмірдің басқа жағын көрсетіп оларға дұрыс бағдар беріп көмектессе, сонда адамдардың бір-біріне деген жанашырлығы арта түсетін еді. Өмірді бағалап, қызығын көріп жүрсек бұдан асқан бақыт жоқ. Өмірді аялайық себебі Өмір сүру керемет!

Нұрғалиев Оразғали
11 сынып оқушысы

Мектеп туралы қызықты ақпараттар

- Әлемнің 43 елінде оқу жылы 1 қаңтардан басталса, 16 елде наурыз айында басталады. Ал біздің елімізде және 122 елде 1 қыркүйекте басталады.
- Чехияда ең жоғары баға "1", ал ең төмен баға "5". Францияда 20 балдық жүйедегі баға қойылады. - "Сенбілік" Ресей патшалығы кезінде белгіленген.
- АҚШ туында бейнеленген жұлдызшаларды мектеп оқушысы ойлап тапқан. - Америкалық жасөспірімдер шамамен 12000 сағат оқуға және 14000 сағат теледидир көруге жұмсайды.
- Ең көне оқу орны Фес қаласындағы "Қарауин". Ол б.з.д. 859 жыл бұрын құрылған.
- Ең көп оқушы оқыған мектеп Үндістанда. 28000 мыңға жуық оқушы оқыған.
- Ең ұзақ оқу Ұлыбританияда болды. Роберт Кронин 52 жыл оқып, 72 жасында оқу бітірген.
- Ең қымбат оқу "Халықаралық бозбала мен бойжеткендердің мектебі". Оқу ақысы бір айға 77,5 мың доллар тұрады.
- Ең ұзақ оқу 56 сағатқа созылған. Биология профессоры өзінің дәрісін оқыған. Бұл 2003 жылы Австралияда болған.
- Ең көп түлектер кездесуі Германияда өткен. Оған 2,5 мыңнан астам түлек жиналған. Кездесу мектептің жүз жылдығына орай ұйымдастырылған.

Ұйымның ұраны: *Біз өрендер тәуелсіз ел қыраны,
Биіктерге самғау болсын ұраны.*


Білім беру Ұйымы

Құттықтаймыз

Жігіс Рәс



Асылбеков Турсунбек Рахимжанович

Каримова Диана Канатовна

Журба Александр Владимирович

Коспанов Рахматулла Абдурасилович

Мекен-жайы: Қостанай қаласы,
Солтүстік-Батыс ықшамауданы, 49-
квартал, жер телімі 1

Телефон: 8-714-2-39-24-95
Эл. почта: sch15@kst-
goo.kz



